

Шымкент қаласы білім басқармасы  
№53 «Ер-Асыл» бебекжай бақшасы МКҚК

Ортанғы «Бәйшешек» тобы

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі

**Тақырыбы:** «Ғажап күздің сыйлығы



Тәрбиеші: Каржауова М.Ж.

2021-2022 оқу жылы



**Бүлмө болімі:** Дене шынықтыру

**Такырыбы:** Ғажап күздің сыйлығы

**Мақсаты:** Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүргө жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына тиу арқылы жоғары секіру саптан шенберге, шенберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүргө үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; тұрған заттың басына тиу арқылы жоғары секіру саптан шенберге, шенберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды бір-біріне деген мәдени қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оку қызметіне белсене араласуы мен қызығушылықтарын арттыру.

**Құрал-жабдықтар:** Дене шынықтыруға арналған киімдер, интербелсенді тақта, кішкентай жалаушалар, құрсау, кегли мен майда доптар

Iс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әркеті	Балардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушылық-козғаушылық	<p>1 Балалардың психологиялық көніл-күйін көтеру мақсатында – Балалар, күздің сыйлығы өте көп. Күз берекелі ай. Бір-бірімізге қарап: "Күз ғажабы көп болсын!" деп айтайды. Тамаша! Балалар, оку қызметінің алдында күз көрінісін тамашалап алайықшы!</p> <p>Қарандаршы, қаншама көкөністер, жеміс-жидек тұрларі пісіп тұр. Адамдар жемістерді еңкіс ағаштың үстіне шығып жинап жатыр. Біз бүгін балалар, тұрған заттың басына тиу арқылы жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен журу дағдысына әрі қарай жаттығамыз. Сол үшін сендер ептілік көрсетулерің керек! Қазір бәріміз жалаушаларды алып, сапқа тұруға дайындаламыз.</p> <p>– Балалар, музыка әуенімен менімен бірге бірінің артынан бірің жүріп отырасындар, музыка сипатына қарай мен қандай қимылдар жасаймын, сендер қайталап отырасындар. Кәне, балалар, менің атыннан ереміз.</p>	<p>-Күз ғажабы көп болсын деп барлығы қайталады</p> <p>Балалар музыка әуенімен бірінің артынан бірі жүреді,</p>

## Ұйымдастыруышылық-ізденістік

– Балалар, менімен бірге жаттығуларды орындаїыңы! Қолдарыңдағы жалаушаларыңды көрсөтіндерші, балалар! Қандай керемет жалаушалар! Енді осы жалаушаларымызбен жаттығулар жасаймыз

### ЖДЖ (жалаушалармен)

1. Б.қ аяқ алшак, дene тік, қол төменде
- 1.1. Балалар жалаушаларымен он жаққа



бұрылып, "желбіре" дейді


- 1.2. Б.қ
- 1.3. Балалар жалаушаларымен сол жаққа бұрылып, "желбіре" дейді
- 1.4. Б.қ (жаттығу 4-5 рет қайталанады)
2. Б.қ аяқ алшак, дene тік, қол төменде
- 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларымен: "жаса" дейді;

белгі беруі  
бойынша  
аяқтың  
ұшымен  
және  
өкшемен  
жүреді, жәй  
қалыпқа  
түсіп, тез 2  
ойнаған  
музыка  
әуенімен  
жүгіреді,  
жүгіріп  
кеle жатып,  
жәй жүріске  
түседі және  
аяқтың  
ұшымен  
денелерін  
тік ұстап  
жүреді.  
Жүгіріп келе  
жатып,  
шенбер  
құрады  
және  
қайтадан  
сапқа  
тұрып,  
біртінде  
жүгіріп келе  
жатып  
жалпы  
дамыту  
жаттығулар  
ын жасауға  
тұрады.

- 2.2. Б.қ (жаттығу 4 рет қайталанады)
3. Б.қ жерде отырады, аяқ алшақ, жалаушалар тізе үстінде
- 3.1. Жерге аркаларынан жатып, жалаушаларын жоғары желбіретіп: "тербе" дейді;
- 3.2. Б.қ (жаттығу 3 рет қайталанады).
4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, кол төменде
- 4.1. Жалаушаларын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.
- 4.2. Б.қ (жаттығу 3 рет қайталанады).

### **Негізгі қимыл жаттығулары**

- Тұрған заттың басына тиу арқылы жоғары секіру;
- Еңкіс тақтайдың үстімен жүру.



тақтайдың үстімен жүру жаттығуларын кезекпен кезек бірге орындаймыз. Қай команданың балалары жақсы жетістік көрсетеді екен, өз істеріңмен дәлелдеп беріңдерші! Педагог балаларды екі командаға


бөліп, бір командаға тұрған заттың басына тиу арқылы жоғары секіру жаттығуын, екінші командаға еңкіс тақтайдың үстімен жүру жаттығуларын кезек-кезек көрсетеді. Жаттығу аяқталғанда екі команда келесі жаттығу түрін жасау үшін аудысады. Екі команда өздеріне берілген тапсырмаларды орындалап жатқанда педагог жаттығулардың жасалу техникасына көніл бөліп, дұрыс игере алмай жатқан балаларға ескерту жасайды. Тұрған заттың (кегли) басына тиу арқылы жоғары секіру кезінде балалардың ұрылыш қалмай немесе құлап кетпей секіруіне басты назар аударады. Еңкіс тақтайдың үстімен жүру кезінде тепе-тендікті сақтап, епті, жылдам болуды ескерtedі. Жаттығуларды жақсы жасап жатқан балаларға "Ептісіндер!", "Жылдамсындар!" және "Тамаша!", "Бәрекелді!" деген сөздер айтып, шабыттандырып отырады.

### **"Кім жылдам" қимылды ойыны**

Шарты : Екі топқа бөлініп допты жылдам келесі балаға беру керек

2.4. Педагог балалардың негізгі қымыл жаттығуларын қалай игергендерін тексеру мақсатында "Аю мен аралар" пысықтау ойынын өткізеді. Педагог: – Балалар, бүгін жаңа ойын үйренгеніңіз жатырмыз.

Ойынның шарты бойынша екі командаға бөлінеміз. Балалар екі командаға бөлінеді, бір командадан бір бала аю болады, қалғандары шенбер құрап, аюдың іні болады, қарсы командадан барлық бала аралар болып есептеледі. Бір құрсаудың ішінде бал, келесі құрсаудың ішінде аралар болады. Аю өзінің інінен шығып, балға жете бергенде аралар ұшып кеп, аюды талай бастайды. Сол кезде аюдың қорғаушылары аралардан аюды арашалап, қоршап, інге кіргізіп алады. Команда рөлдерімен аудысса да болады. Балалар бұл ойынды алғаш рет ойнап жатқандықтан педагог ойынды өзі қадағалайды.




Оку қызметінің аяғына қарай тыныс алу жаттығуларын жасау үшін балаларды бубеннің сигналы бойынша сапқа тұруға шақырамын. Балалар бірінің артынан бірі тұрып, тыныс алу жаттығуларын көрсету бойынша орындайды.

– Балалар, "Күз қандай?" Ғажап! Ендеңе күздің ғажап екенін қолымызбен көрсетейікші! Қолдарын жоғары көтеріп, үлкен шеңбер жасайды. "Жемістері қандай?" Көп! Қолымызбен тағы да көрсетейікші! Балалармен бірге жүріп келе жатып, екі қолдарымен "көп" деген қимылдар жасайды, кәне! Енді демімізді ішке тартып, терең дем алып, қайтадан ақырын демімізді сыртқа шығарамыз. Жаңағы жаттығуларды қайталаймыз. Жарайсындар, балалар! Бұғын оку қызметіне белсенді катыстындар, оку қызметі аяқталды, сау

## Жетекші-жөндеуші

болындар!



Музыка  
ырғағымен  
журіп терең  
тыныс  
алды.

Сая  
богыныздар

Шымкент қаласы білім басқармасы  
№53 «Ер-Асыл» бебекжай бақшасы

Ортаңғы «Бәйшешек» тобы

## Ұйымдастырылған ОКУ ҚЫЗМЕТІ

Тәуелсіздік алған күн

Тәрбиеші: Каржауова М.Ж.

2021ж

**Білім облысы: Катынас**

**Білім бөлімі: Көркем әдебиет**

**Тақырыбы: Тәуелсіздік алған күн**

**Максаты:** Балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үрету, тәуелсіздік мерекесінің бүкілхалықтық сипатын ұғындыру, өлеңдегі көркем сөздерді мәнерлеп айтуға жаттықтыру. Қазақстан туралы негізгі ұғымдарын кальпастыру. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, өз еліне құрметпен және мактандышпен карау сезімдеріне және елжандылыққа тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** «Жайнай бер, Қазақстанным!», «Тәуелсіздік алған күн», «Он алтыншы желтоксан», «Тәуелсіздік –ұлық той», «Жарайсын», «Тамаша!» сөздерді пайдалану.

**Әдіс-тәсілдер:** «Жайнай бер, Қазақстанным!» «Тәуелсіздік алған күн», «Он алтыншы желтоксан», «Тәуелсіздік –ұлық той», «Жарайсын», «Тамаша!» сөздерін пайдалану; балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру максатында сәлемдесу шенбері, ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, интербелсенді тактадан Қазақстан туралы шағын бейнебаяннан үзінді көрсету, такпакты мәнерлеп оку, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, сергіту сәті, такпак мазмұны бойынша әнгімелесу, пысықтау, "Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны.

**Көрнекілік материалдар:** Қазақстан Энұранының аудиожазбасы, Қазақстанның Туы (шағын көлемінде), Қазақстан туралы шағын бейнеролик (табиғаты, астанасы, даласы, өзені, тенізі, орманы), астана туралы слайд-шоу; куыршақ Әйгерім; 1 жалаушалар, шарлар, бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар.

**Үлестірмелі материалдар:** Бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар, шарлар.

Iс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастыруышылық-козғаушылық	Оқу қызметінің басында балалардың көңіл-күйлерін көтеру максатында шенберге түрғызып: – Балалар, бүтін сендер ерекше жайнап кетіпсіндер, оның себебі неде? – деп сұрайды. Балалар бір-біріне танырқап қарап түрғанда есік қағылады. Бұл кім болды еken, мен барып келейінші, – деп кетеді де,	

қолында бір буда көк түсті шар және ұлттық киім киген қуыршақ ұстап қайтып кіреді.

– Балалар, қарандаршы, қандай керемет сыйлық! Бізге қонаққа қуыршақ келіп, өзімен бірге көп шар алып келді. Қуыршақпен қалай амандасамыз, балалар.

– Балалар, қуыршақтың есімі кім еken, мен сұрап білейін. Есімі Эйгерім еken. Балалар, Эйгерім, бізге шарды ненің құрметіне алып келді деп ойтайсыңдар?

– Қандай мейрам, балалар? Еліміздің тәуелсіздік алған мерекесі еken. Жарайсыңдар, балалар! – Балалар, қуыршақ Эйгеріммен бірге шенбер жасайық! Енді, менімен бірге қайталаймыз.

– Тенденсі тен

– Керегесі кен

– Амансың ба, елім

– Тәуелсіздік тенім!

Қазақстан Республикасының  
Әнұраны орындалады.

– Балалар, біздің туымыздың түсі қандай? Жарайсыңдар, балалар! Балалар, бұл туды аялап, құрметпен және ұлкен мақтаныш сезімімен ұстауымыз керек, себебі Ту – біздің мемлекетіміздің мәртебесі.

-Сәлеметсіз бе

Мейрам үшін

қолдарын жоғары көтереді

қолдарын жаңына жаяды

қолдарын көкіректеріне  
қойып, тағзым етеді

қолдарын жаңына жаяды

қолдарын жаңына жаяды.

Көк түсті

Ту – мемлекеттің егемендігі мен біртұастығын білдіретін басты рәміздерінің бірі. – Балалар, қолдарымыздың жалаушаларды желбіретіп, "Жаса, Қазақстан!" – деп айтайықшы! Жарайсындар, балалар! Біздің туымыз ең әдемі ту. Енді, орындарымызға жайғасайық. – Балалар, күйршақ Әйгерім өзімен бірге сендерге жаттауға тақпақ алыш келіпті. Тақпақ "Тәуелсіздік алған күн

### Ұйымдастыруышылық-ізденістік

Қайрат Әлімқұловтың "Тәуелсіздік алған күн" өлеңі. Педагог тақпақты оқып отырғанда тақтадан Қазақстан туралы шағын бейнеролик (табиғаты, астанасы, даласы, өзені, теңізі, орманы) астана туралы слайд-шоу көрсетіледі.

### Бекнұр:

Он алтыншы желтоқсан  
Тәуелсіздік алған күн.  
Мерекеге ел тосқан,  
Атамменен барғанмын.

### Арайлым:

Мерекеге шығады  
Бүкіл халық, біліп қой.  
Отандастар ұгады,  
Тәуелсіздік – ұлық той.

### Абдурахман:

Он алтыншы желтоқсан  
Тәуелсіздік алған күн.  
Мерекеге ел тосқан  
Шырқатып ән салған күн.

### Сергіту сәті.

«Желбірейік туымыздай!» –  
Балалар, орнымыздан тұрып,  
жалаушаларымызды қолымызға  
алыш, сергіп алайық.

– Желбірейік туымыздай!  
Тәуелсіздік теңіміз

қолдарын жоғары көтеріп,  
жалаушаларды желбіретеді

	<p>Татулығы желбіреген – Егеменді еліміз.</p> <p><b>"Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>– Балалар, қазір біз "Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шартын тындандар. Тактадан көптеген белгілер көрсетіледі. Сендер еліміздің елтаңбасын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасындар. Еліміздің елтаңбасы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасындар. Педагог балалармен бірге ойынды қадағалап отырады, сонында жақсы ойнаған балаларға бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар үlestіріледі</p> <p>Оқу қызметінің аяғына қарай педагог балаларға шарларды үlestіріп:</p> <p>– Балалар, бұл шарлар сендерге қуыршақ Әйгерімнің алым келген сыйлығы. Қуыршақ Әйгерімге не деп айтамыз? Рақмет!</p> <p>– Қуыршақ Әйгерім үйіне қайтқысы келіп отыр екен. Бізде де мерекеге орай қуыршақ Әйгерімге арнаған сыйлығымыз бар, оның не екенін білесіндер ме, балалар? Балалар аң-таң болып отырғанда педагог Бәйтеректің кішкентай кәдесійи мен бәйтерек бейнеленген таңбалауышты қуыршақ Әйгерімге береді.</p> <p>Балалар қолдарын шапалақтайды.</p>	<p>қолдарын алға созып, жалаушаларын желбіретеді қолдарын жанына жіберіп, жалаушаларын желбіретеді жалаушаларын төменнен жоғары қарай желбіретіп көтеру</p>
--	--	---

– Балалар, қуыршақ Эйгерімге  
кетер кезде не деп айтамыз?  
Сая болыңыз!

Сая болыңыз!

ТӘУЕЛСІЗДІК  
АЛҒАН КҮН





# ТӘУЕЛСІ ЗДІК АЛҒАН КҮН

30  
14



Шымкент қаласы білім басқармасы

№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: Ғажайып көбелектер

Тәрбиеші: Каржауова М.Ж.

2021-2022ж

Шымкент қаласы білім басқармасы  
№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы МҚҚҚ  
Мектепалды даярлық «Кызғалдақ» тобы

Ашық ұйымдастырылған оку қызметі  
Тақырыбы: Математика еліне саяхат

Тәрбиеші: Каржауова М.Ж.

2021-2022ж



**Білім облысы: «Таным»**

**Білім бөлімі:** Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру

**Тақырыбы:** Математика еліне саяхат

**Максаты:** Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Алған әртүрлі мәдениеттердегі тиражтар, логикалық есептерді шеше отырып ойлау қабілеттерін дамыту. Геометриялық пішіндерді танып, ажыратада дағылданыру.

**Көрнекі-құралдар:** геометриялық пішіндер, 1 деңгээлде дейінгі сандар, үлестірмелі материалдар,

Iс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	<p>-Балалар, бұгін бізге қонақтар келіпті.</p> <p>Біз әдепті баламыз Біз ерекше баламыз. Қонақтарды көргенде, Амандастып аламыз Сәлеметсіздер ме?</p>  <p>Жылулық шенбері</p> <p>-Қане балалар барлығымыз бір-біріміздің қолымыздан ұстап күн жасайықшы.</p> <p>-Балалар мынау ненің суреті?</p> <p>-Күн жарқырап шықкан кезде адамдарға шуағын шашады.</p> <p>- Таңертең тұрган кезде аналарың «қайырлы таң» деп айта ма?</p> <p>- Кане біз де қайырлы таң тілейік.</p> <p>-Қайырлы таң, көздерім сендер ояныңдар!</p> <p>-Қайырлы таң құлақтарым сендер ояныңдар!</p> <p>-Қайырлы таң саусақтарым сендер ояныңдар!</p> <p>-Жарайсыңдар балалар, бүгінгі күніміз жақсы болсын.</p>	<p>Қонақтармен сәлемдесті.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік		<p>Улken шенбер жасап тұрды.</p> <p>-Күннің -ия</p> <p>Көздерін уқалады Құлақтарын уқалады Саусақтарын уқалады, шапалақтайды</p>

-Бұгін бізде қарапайым математикалық ұфымдар туралы ашық оқу қызметі.

-Балалар , сендер математика патшалығына барғыларың келе ме?

Алдарынан математика патшалығы шығады.

Сәлеметсіндер ме балалар!

-Балалар математика патшалығына кош келдіңіздер!

Мен сендерге құр қол келген жоқпын бірнеше тапсырмалар алып келдім. Сол тапсырмаларды орындасандар мен сендерге сыйлық таратамын.

Ия

Сәлемдесті

-Ия, дайынбыз

### 1-тапсырма

1ден -10-ға дейін тұра және кері санау.



1,2,3,4,5,6,7,8,9,10  
10,9,8,7,6,5,4,3,2,1

### 2-тапсырма

Жоғалған санды табу

1-ден -5 ке дейінгі сандар тақтада ілініп тұрады. Жоғалған санды табуымыз керек. Балалардан жеке-жеке сұраймын



Көздерін жұмды, ашқан кезде кай сан жоқ сол санды тапты.

### 3 тапсырма

Дидактикалық ойын: «Кім шапшаң»

Суретке қарап берілген есепті шешті,

	<p><b>Шарты:</b> Балалар жемістердегі берілген есптерді шешіп, сәйкес келетін жануарларды тамақтандырымыз.</p> <p><b>Сергіту сәті</b>          1 дегенде тұрайық,          2,3,4-алақанды ұрайық          Оң жаққа бұрылып,          Сол жаққа бұрылып,          Бір шынығып алайық</p> <p><b>4 тапсырма</b>  <b>Логикалық есептер</b>          Алмат балық аулап отыр, оның шелегінде 2 балық бар. Ол тағы да 1 балық ұстады, шелекте неше балық бар?</p>  <p>Қар үстінде 4 қарға жүр еді, 3 қарға ұшып кетті неше қарға қалды?</p> <p>Үстел үстінде үш қалам жатыр, оның біреуін Саулеге бердім, біреуін Алимаға бердім үстел үстінде неше қалам қалды?</p> <p>Себетте екі алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?</p> <p><b>Сергіту сәті</b>          Бойды сергек тік ұста,          Емін-еркін тыныста          Оң қолынды соз алға          Қол ұшына қарада,          Үшбұрыш сыз ауада.          Сол қол босқа тұрмасын          Шеңбер жасап тынбасын.</p>	<p>жануарларды тамақтандырыды</p> <p>Іс –қимылмен жасады.</p> <p>-Шелекте 3 балық бар</p> <p>Қар үстінде 1 қарға қалды.</p> <p>Бір қалам қалды</p> <p>Барлығы бес алма</p> <p>Іс-қимылмен жасады</p>
Рефлексиялық түзетушілік		

### **Математика патшалығы**

Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

Математика ханшайымы бір геометриялық пішінді көрсетеді, балалар сол пішінге үқсас суретті көрсетеді

Үшбұрыш –

Дөгелек –

Төртбұрыш –

Сопақша –

Шығармашылық жұмыс

Геометриялық пішіндерден композиция құрастыру



-Сендерге бүгін математика еліне саяхат жасаған ұнады ма?

-Қандай тапсырмаларды орындаңық?



Қоштасу шебері

-Ия, әрине

1-ден- 10 ға дейін тұра және кері санадық  
Логикалық есептер шетік.

	Бәрімізде дос бауырмыз, Ажырамас іргеміз, Қындыққа мойымай Сау болыңыз дейміз біз	
--	--	--

### **Күтілетін нәтиже:**

Біледі: бірлесе жұмыс жасауды.

Игереді: Геометриялық пішіндерді, қосуды ,азайтуды

Менгереді: Тапсырмаларды аяғына дейін тиянақты бітіруді.